

Алкоголь өнімдеріне (сырадан басқа), темекі өнімдеріне және құрамында темекі бар өзге де бұйымдарға арналған акциздік алым таңбаларын алу, есепке алу, сақтау және беру Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің 2003 жылғы 20 наурыздағы N 134 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 25 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 2242. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 599 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2008.12.23 N 599 Бұйрығымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 653-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына сәйкес:

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

*1
2*

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Алкоголь өнімдеріне (сырадан басқа), темекі өнімдеріне және құрамында темекі бар өзге де бұйымдарға арналған акциздік алым таңбаларын алу, есепке алу, сақтау және беру Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының м.а. 2003 жылғы 20 наурыздағы N 134 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылы 25 сәуірде N 2242 болып тіркелген; "Официальная газета" газетінде 2003 жылғы 4 сәуірдегі N 40 (145) жарияланған);

2)

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2009 жылдың 1 қаңтарынан пайда болатын қатынастарға қолданылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қаржы Министрі

Б. Жәмішев

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 9 қазандағы N 1102 қаулысына сәйкес Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса берілген Алкоголь өнімдеріне (сырадан басқа), темекі өнімдеріне

және құрамында темекі бар өзге де бұйымдарға арналған акциздік алым таңбаларын алу, есепке алу, сақтау және беру Ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі Салық комитетінің Акциздерді әкімшіліктендіру басқармасы (Ә.Ж.Әбдірова):

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Банкнот фабрикасының мекен-жайына алкоголь өнімдеріне (сырадан басқа), темекі өнімдеріне және құрамында темекі бар өзге де бұйымдарға арналған акциздік алым таңбаларын дайындауға өтінімдерді жіберуді қамтамасыз етсін;

2) алкоголь өнімдеріне (сырадан басқа), темекі өнімдеріне және құрамында темекі бар өзге де бұйымдарға арналған акциздік алым таңбалары үшін ақша аударуға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Банкнот фабрикасының есеп шоттарын пайдалану туралығын алкоголь өнімдерін (сырадан басқа), темекі өнімдерін және құрамында темекі бар өзге де бұйымдарды өндірушілер мен импорттаушылардың назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде мемлекеттік тіркеу күнінен қолданысқа енгізіледі.

Төрағаның м.а.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і н і ң
С а л ы қ к о м и т е т і Т ө р а ғ а с ы н ы ң м . а .
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 0 н а у р ы з д а ғ ы
N 134 бұйрығымен бекітілген

Алкоголь өнімдеріне (сырадан басқа), темекі өнімдеріне және құрамында темекі бар өзге де бұйымдарға арналған акциздік алым таңбаларын алу, есепке алу, сақтау және беру Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі), "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына , Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін акциздік алым таңбаларымен таңбалау туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 маусымдағы N 846 қаулысына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ережелер акциздік өнімді өндіру және/немесе импорт саласында, сондай-ақ тәркіленген акциздік өнімді сату бойынша қызметін жүзеге асырушы заңды және жеке тұлғалардың (бұдан әрі - алушылар) алкоголь өнімдеріне (сырадан басқа), темекі өнімдеріне және құрамында темекі бар өзге де бұйымдарға (бұдан әрі - акциздік өнім) арналған акциздік алым таңбаларын алу, есепке алу, сақтау және беру тәртібін реттейді.

3. Акциздік алым таңбаларымен жасап шығару Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің тапсырысымен (бұдан әрі - Комитет) және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мемлекеттік мекемесінің Банкнот фабрикасымен (бұдан әрі - Банкнот фабрикасы) жасалған тиісті шарт (бұдан әрі - Шарт) негізінде әзірленеді.

4. Акциздік алым таңбаларын Банкнот фабрикасынан және оларды облыстар, "Астана - жаңа қала", Астана және Алматы қ.қ. бойынша салық комитеттері мен ірі алушыларға алуды Алматы қаласы бойынша салық комитеті жүзеге асырады.

5. Ірі алушылар тізбесін Комитет айқындайды.

6. Акциздік өнімдерді таңбалау үшін, оның ішінде сот шешімімен тәркіленген және сатуға тиісті акциздік алым таңбалары тиісті облыстық салық комитеттерінде беріледі.

7. Алматы қаласы бойынша салық комитеті қызметкерлерінің ішінен бірінші басшының бұйрығымен акциздік алым таңбаларын алу, есепке алу, сақтау және беру мен оларды облыстық салық комитеттері және ірі алушыларға беруді жүзеге асыратын материалдық жауапты адам тағайындалады.

8. Акциздік алым таңбаларын оны алған орны бойынша тиісті облыстық салық комитеттеріне қайтаруды есептемегенде, акциздік алым таңбаларын өзге ұйымдар мен тұлғалардың қайта сатуға, беруге немесе басқа нысандарда иесіздендіруіне жатпайды.

2. Акциздік алым таңбаларын Банкнот фабрикасынан алу тәртібі

9. Жаңа күнтізбелік жыл келгенге дейін 60 (алпыс) күнтізбелік күннен кешіктірмей, облыстық салық комитеттері тиісті салық комитеттерінде тіркеу есебінде тұрған және тиісті қызмет түрлеріне лицензиясы бар алушылардан 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акциздік алым таңбаларын алуға өтінімдерді (бұдан әрі - өтінімдер) жинауды қамтамасыз етеді.

10. Акциздік өнімдерді импорттаушы алушылардан өтінімдерді қабылдау осы Ереженің 9-тармағында көзделген талаптардан басқа, акциздік өнімдерді шығаруды жүзеге асыруға негіз болатын сыртқы сауда шартының нотариалды расталған көшірмесін көрсеткенде жүргізіледі.

11. Тәркіленген акциздік өнімдерді сатушы алушылардан өтінімдерді қабылдау осы Ереженің 9-тармағында көзделген талаптардан басқа, мынадай құжаттарды көрсеткенде жүргізіледі:

с о т ш е ш і м і ;

тәркіленген акциздік өнімдерді сатуға уәкілетті органның келісім-шарты;

тәркіленген акциздік өнімдерді қабылдау-беру актісі;

белгіленген тәртіппен берілген сәйкестік сертификаты.

12. Осы Ереженің 9, 10, 11-тармақтарында көзделген құжаттардың көшірмелері облыстық салық комитеттерінде қалады.

13. Алушылардан қабылдаған өтінімдер негізінде облыстық салық комитеттері жаңа күнтізбелік жыл келгенге дейін 50 (елу) күнтізбелік күннен кешіктірмей, 2-қосымшаға сәйкес акциздік алым таңбаларын алуға жиынтық өтінімді (бұдан әрі - жиынтық өтінім) Комитетке жібереді.

14. Комитет жаңа күнтізбелік жыл келгенге дейін 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей, тиісті облыстық салық комитеттерінің жиынтық өтінімдеріне сәйкес акциздік алым таңбаларының түрлері мен сыйымдылығы бойынша әзірлеуге Банкнот фабрикасына тапсырыс орналастырады және акциздік алым таңбаларын алу және осы өтінімге сәйкес оларды облыстар бойынша салық комитеттері мен ірі алушыларға беру мақсатында республика бойынша жиынтық өтінімді Алматы қаласы бойынша салық комитетіне береді.

15. Акциздік алым таңбаларын әзірлеуге Банкнот фабрикасымен есептесу акциздік алым таңбаларын сатудан түскен қаржы есебінен жүргізіледі. Бұл ретте көрсетілген қаржылар алушылармен Шартта айқындалған Банкнот фабрикасының есеп шотына аударылады, алу жүзеге асырылатын айдың І-ші күніне дейін 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде, әрбір ай бойынша жеке, олардың өтініміне сәйкес акциздік алым таңбаларын әзірлегені үшін төлем жүргізеді.

16. Банкнот фабрикасынан акциздік алым таңбаларын алу үшін материалдық жауапты адамға Алматы қаласы бойынша салық комитетінің бірінші басшысы мен бас бухгалтердің қолы қойылған сенімхат беріледі.

17. Банкнот фабрикасынан акциздік алым таңбаларын жеткізу, оларды сақтау және салық комитеттері мен ірі алушыларға беру жауапкершілігі Алматы қаласы бойынша салық комитетінің бірінші басшысына жүктеледі.

3. Алматы қаласы бойынша салық комитетінің акциздік алым таңбаларын беру тәртібі

18. Алматы қаласы бойынша салық комитетінің акциздік алым таңбаларын облыстар бойынша салық комитеттері мен ірі алушылардың акциздік алым таңбаларын алу сенімхаты негізінде өкілеттігі бар қызметкерлеріне беру акциздік алым таңбалары үшін оның есепшотына ақшаның түскенін төлем тапсырысының көшірмелерін тиісті түсу сәтінен бір күннен кешіктірмей беру жолымен Банкнот фабрикасы растағанда ғана жүргізіледі.

19. Акциздік алым таңбаларын алу үшін облыстар бойынша салық комитеттері мен ірі алушылар сенімхат беретін тиісті облыстық салық комитеттерінің мөрімен расталған салық комитетінің бірінші басшысы мен бас бухгалтердің қол қою үлгісін ай сайын Алматы қаласы бойынша салық комитетіне жібереді. Көрсетілген тұлғалардың қайсы бірі алмасса, белгіленген

тәртіппен сол тұлғалардың қол қою үлгісі қосымша жіберіледі.

Облыстық салық комитеттері қызметкерлеріне акциздік алым таңбаларын алу мынадай құжаттары бар болғанда беріледі:

акциздік таңбаларды алу үшін бірінші басшының және бас бухгалтердің қолы қойылған, облыстық салық комитеттерінің мөрімен расталған таңбаларды алушының атына берілген сенімхаттың түпнұсқасы;

акциздік таңбалар үшін төлегені туралы төлем тапсырысының көшірмесі;
қызметкерлердің жеке басын куәландыратын құжаттар.

20. Ірі алушыларға акциздік алым таңбаларын алу үшін салық комитеті басшының және бас бухгалтердің қолы қойылған, облыстық салық комитеттерінің мөрімен расталған ірі алушылар қызметкерінің атына берілген сенімхаттың түпнұсқасын, сондай-ақ осы Ереженің 22 және 23-баптарында көзделген құжаттарды көрсеткенде, Алматы қаласы бойынша салық комитеті береді.

21. Облыстық салық комитеттеріне акциздік алым таңбаларын жеткізу осы Ережеге сәйкес осы алушыларға тиіс акциздік алым таңбаларын қорғау мақсатында бөлінетін күзеттің ілесуімен осы комитеттердің қызметкерлері жүзеге асырады.

4. Алушылардың акциздік алым таңбаларын беру және сақтау тәртібі

22. Облыстық салық комитеттерінде акциздік алым таңбаларын беруді мынадай құжаттарды көрсеткенде, облыстық салық комитетінің бірінші басшы бұйрығымен тағайындайтын материалдық жауапты адам жүзеге асырады:

акциздік алым таңбаларын алуға өтініш (3-қосымша);

занды тұлға немесе жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы к у ә л і к ;

с а л ы қ т ө л е у ш і к у ә л і г і ;

акциздік таңбаларды алу үшін бірінші басшының және бас бухгалтердің қолы қойылған және алушының мөрімен расталған алушы қызметкерінің атына б е р і л г е н с е н і м х а т т а р ;

қызметтің тиісті түріне лицензиялар;

акциздік таңбалар үшін ақша төлегені туралы төлем тапсырысы.

23. Импортталатын акциздік өнімді таңбалау үшін осы Ереженің 22-бабында көзделген құжаттардан басқа қосымша мынадай құжаттар тапсырылады:

акциздік өнімдерді шығаруды жүзеге асыруға негіз болатын сыртқы сауда шартының (бұдан әрі - сыртқы сауда шарты) нотариалды расталған көшірмесі;

акцизді дұрыс төлегені туралы кеден органының белгісімен импортталатын акциздік өнім үшін ақша төлегені туралы төлем тапсырысы.

24. Тәркіленген акциздік өнімді таңбалау үшін акциздік алым таңбаларын облыстық салық комитеттері осы Ереженің 22-бабында көзделген құжаттарды көрсеткенде,

сондай-ақ:
с о т ш е ш і м і , ;

тәркіленген акциздік өнімді сатуға уәкілетті органмен келісім-шарт;
тәркіленген акциздік өнімдерді қабылдау-беру актісі;
белгіленген тәртіппен берілген сәйкестік сертификаты.

25. осы Ереженің 22, 23 және 24-баптарында санамалаған құжаттардың көшірмесі облыстық салық комитеттерінде қалады.

26. Алушыға облыстық салық комитетінің материалдық жауапты адамы акциздік алым таңбаларын бергенде осы Ереженің 27-бабын қоспағанда екі тарап та қол қоятын екі данада жөнелтпе құжат толтырылады. Жөнелтпе құжаттың бір данасы алушыға беріледі.

Бұл ретте аталған жөнелтпе құжатта мынадай деректер көрсетіледі:
акциздік алым таңбаларын берген күні;
алушының аты-жөні немесе атауы;
акциздік алым таңбаларының түрі, сериясы, нөмірі және саны.

27. Импортталатын акциздік өнімге акциздік алым таңбаларын бергенде үш данада жөнелтпе құжат толтырылады: бірінші және екінші даналары (екінші данасы кеден органына көрсету үшін) алушыға беріледі, үшінші данасы облыстық салық комитетінде қалады.

Бұл ретте бұл жөнелтпе құжатта мынадай деректер көрсетіледі:
акциздік алым таңбаларын берген күні;
импорттаушының аты-жөні немесе атауы;
акциздік алым таңбаларының түрі, сериясы, нөмірі және саны.

28. Алушыларға акциздік алым таңбаларын беру өтінімде көрсетілген сан мен түрлеріне сәйкес жүргізіледі. Бұрын тапсырылған акциздік алым таңбаларын беру өтінімде көрсетілген сан мен түрлері бөлігіндегі өзгертулер мен толықтырулар тиісті салық комитетіне таңбалар берілетін айдың 1 күніне 60 (алпыс) күнтізбелік күннен кешіктірілмей тапсырулары тиіс. Көрсетілген мерзімнің уақыты өтіп кетсе, өзгертулер мен толықтырулар қабылданбайды.

29. Акциздік алым таңбаларын облыстық салық комитеттерінде сақтау: акциздік алым таңбаларын сақтауға арналған және оларды беруге арналған екі жұмыс аймағы бар, өртке қарсы және күзет дабылы бар үй-жайларда жүзеге асырылады.

5. Пайдаланылмаған, ақаулы және бүлінген акциздік алым таңбаларын есепке алу

30. Пайдаланылмаған, немесе ақауы бар акциздік алым таңбалар алған орны бойынша тиісті облыстық салық комитеттеріне қайтарылуы мүмкін.

31. Алушы акциздік алым таңбаларын қайтаруды акциздік алым таңбаларын қайтару туралы өтініштің негізінде қайтару себебі және акциздік алым таңбаларын сол бойынша алған жөнелтпе құжаттар көрсеткенде жүргізіледі.

32. Қайтарылған акциздік алым таңбаларының нөмірлері мен сериялары тиісті облыстық салық комитетінің бірінші басшысының бұйрығымен тағайындалған, қайтарылған акциздік алым таңбаларын қабылдап алу жөніндегі, құрамында үш адамнан кем емес комиссия қол қоятын екі данада жасалатын 4-қосымшаға сәйкес нысандағы акциздік алым таңбаларын қабылдау-беру актісінде көрсетіледі.

Қабылдау-беру актісінің бір данасы Комитетке жіберіледі.

33. Ақшаны қайтаруды Шартқа сәйкес Банкнот фабрикасы жүзеге асырады.

34. Облыстық салық комитеттері бүлінген акциздік алым таңбаларды қабылдау-беру актісі мен акциздік алым таңбаларын ол бойынша алған жөнелтпе құжаттар қоса Алматы қаласы бойынша салық комитетіне жібереді.

Алматы қаласы бойынша салық комитеті өз кезегінде бүлінген акциздік алым таңбаларды Банкнот фабрикасына тапсырады.

Банкнот фабрикасы Шартқа сәйкес Банкнот бүлінген акциздік алым таңбаларды алмастыруды жүзеге асырады.

35. Бүлінген акциздік алым таңбаларды алған орны бойынша тиісті облыстық салық комитеттеріне бүлінген акциздік алым таңбаларды істен шығару және оларды одан әрі жою актісін жасау үшін тапсырылады.

Алушылар бүлінген акциздік алым таңбаларды мынадай ережелерді сақтаумен жеке парақтарға желімдеуі тиіс;

акциздік алым таңбалары желімдеуі қатталмай және біртегіс жүргізіледі;

акциздік алым таңбасы таңбаның орта бөлігі, сериясы мен нөмірі анық көрінетін болып желімделеді;

акциздік алым таңбасы жыртылып қалғанда, оның жеке бөліктері біріктестірілуі тиіс.

36. Акциздік таңбаларды жою комиссияның қатысуымен тиісті облыстық салық комитеті бірінші басшысының бұйрығымен белгіленетін орында жүргізіледі.

37. Акциздік таңбаларды жою жөніндегі комиссияның құрамын тиісті облыстық салық комитетінің бірінші басшысының бұйрығымен бекітіледі.

38. Акциздік таңбаларды жою жөніндегі комиссияның құрамына міндетті түрде алушы өкілінің кіруі тиіс.

39. Акциздік таңбаларды нақты жою жөнінде акциздік алым таңбаларының түрі, сериясы, нөмірі және саны көрсетілетін үш данада жасалатын 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акциздік таңбаларды жою актісі жасалады. Жою актісінің әрбір данасына комиссия мүшелері қол қояды және тиісті облыстық салық

комитетінің мөрімен бекітіледі.

Жою актісінің әрбір данасы алушыға беріледі, екінші данасы тиісті облыстық салық комитетінде қалады, ал үшінші данасы Комитетке жіберіледі.

6. Акциздік алым таңбаларының қозғалысын облыстық салық комитеттерінде есепке алу

40. Акциздік алым таңбаларының қозғалысын облыстық салық комитеттерінде есепке алуды нөмірленген, тігілген және тиісті облыстық салық комитеті бірінші басшысының мөрімен және қолымен бекітілген болуы тиіс. 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша арнайы акциздік алым таңбаларының қозғалысын есепке алу кітабын материалдық жауапты адам жүргізеді.

41. Акциздік алым таңбаларының нақты барлығын әр тоқсанның 1 күні және материалдық жауапты адам ауысқанда тиісті облыстық салық комитеті бірінші басшысының бұйрығымен тағайындалатын, құрамы үш адамнан кем болмауы тиіс түгендеу комиссиясы жүргізеді.

42. Тізімдеу екі данада жасалады және түгендеу комиссиясының мүшелері және материалдық жауапты адам қол қояды.

Акциздік алым таңбаларының нақты барлығы туралы бухгалтерияның деректерімен алшақтығы анықталған жағдайда материалды жауапты адамның түсініктемесімен материалдар шаралар қабылдау үшін облыстық салық комитетінің бірінші басшысына ұсынылады.

43. Материалдық жауапты адам ауысқанда түгендеу комиссиясының мүшелері қол қоятын акциздік алым таңбаларының қалдықтары туралы акті жасалады.

7. Акциздік алым таңбаларының қозғалысын алушылардың есепке алуы

44. Акциздік алым таңбаларына қатаң есептегі бланкілер ретінде бухгалтерлік есеп ережесі қолданылады.

45. Алушылар акциздік алым таңбаларын дұрыс есепке алу, оларды пайдалану (түрлері, саны, сыйымдылығы бойынша), бүлінген таңбаларды белгіленген тәртіпте жоғалтуға жол бермей, оларды істен шығарғанға дейін сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.

46. Акциздік алым таңбаларының кірісі мен шығысы қатаң есептегі бланкілерге ұқсас тәртіпте жүргізіледі.

8. Есептілік

47. Алушылар ай сайын акциздік алым таңбаларын пайдалануы туралы есепті облыстық салық комитеттерінде беруі тиіс.

Акциздік өнімдерді импорттаушылар тоқсан сайын акциздік алым таңбаларын оны алған орны бойынша тиісті облыстық салық комитеттеріне акциздік алым таңбаларын пайдалануын растайтын кеден жүк

та б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

қыркүйек|қазан|қараша|желтоқсан| _____ жылға
| | | | | б а р л ы ғ ы

Басшысы _____ (аты-жөні)

Материалдық жауапты тұлға _____ (аты-жөні)

М.О.

Алкоголь өнімдеріне (сырадан басқа),
темекі өнімдеріне және құрамында
темекі бар өзге де бұйымдарға арналған
акциздік алым маркаларын алу, есепке
алу, сақтау және беру Ережесіне
2 - қ о с ы м ш а

ҚР ҚМ Салық комитеті Төрағасына

_____ бойынша СК-нен

(о б л ы с а т а у ы)

_____ жыл " _____ "

Акциздік алым маркаларын алуға жиынтық өтінім

м ы ң д а н а

Алушы.|Марка.|Акциздік|қаңтар|ақпан|наурыз|сәуір|мамыр|маусым|шілде
ның | ның | алым | | | | | | | |
атауы | түрі | маркасы. | | | | | | | |
| | ның | | | | | | | |
| | ы ды сы | | | | | | | |

та б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

тамыз | қыркүйек|қазан|қараша|желтоқсан| _____ жылға
| | | | | б а р л ы ғ ы

Салық комитетінің Төрағасы _____ (аты-жөні)

Материалдық жауапты тұлға _____ (аты-жөні)

М.О.

Алкоголь өнімдеріне (сырадан басқа),
темекі өнімдеріне және құрамында
темекі бар өзге де бұйымдарға арналған
акциздік алым маркаларын алу, есепке
алу, сақтау және беру Ережесіне
3 - қ о с ы м ш а

Төрағасына

(о б л . С К а т а у ы)

(Төрағаның аты-жөні)

**Акциздік алым маркаларын алуға
өтініш**

(алушының атауы, мекен-жайы, СТН, банктік деректемелері)

акциздік алым маркаларын беруіңізді өтінеді:
_____ мөлшерде _____ дана
(марканың түрі) (жазбаша)
_____ мөлшерде _____ дана
(марканың түрі) (жазбаша)
_____ мөлшерде _____ дана
(марканың түрі) (жазбаша)

Маркалардың көрсетілген саны мына тауарларды шығару үшін қажет:

(өнімнің түрі, ыдыстың түрі көрсетілген шөлмектер саны)

Маркаларды сатып алу үшін ақша Банкноттық фабриканың _____
есеп шотына 200_ ж. _____ N _____

Т ө л е м

тапсырысымен _____ сомасында енгізілген.
(сома жазбаша)

Акциздік алым маркаларын алу, есепке алу, сақтау және беру
Ережелерімен таныстырылдым.

Акциздік алым маркаларының қайтарымсыз жоғалуы, олардың ұрлануы және с.с. жағдайында бюджетке белгіленген соманы төлеуге міндеттенемін.

Басшы _____
(аты-жөні, қолы)

Бас бухгалтер _____
(аты-жөні, қолы)

М.О.

Алкоголь өнімдеріне (сырадан басқа),
темекі өнімдеріне және құрамында
темекі бар өзге де бұйымдарға арналған
акциздік алым маркаларын алу, есепке
алу, сақтау және беру Ережесіне
4-қосымша

**Акциздік алым маркаларын
өткізу - қабылдау
акті**

200__ж. "____"_____

_____ (алушының атауы, мекен-жайы, СТН, банктік деректемелері)
_____ атынан

_____ (лауазымы, аты-жөні)
өткізеді, ал _____ бойынша Салық комитеті
_____ атынан

_____ (лауазымы, аты-жөні)

_____ дана мөлшерінде акциздік алым маркаларын қабылдайды,

с о н ы ң і ш і н д е :

_____ мөлшерде _____ дана
(марканың түрі) (жазбаша)

_____ мөлшерде _____ дана
(марканың түрі) (жазбаша)

_____ мөлшерде _____ дана
(марканың түрі) (жазбаша)

1. Жоғарыда аталған акциздік алым маркалары

_____ себеп

б о й ы н ш а қ а й т а р ы л а д ы

2. Акциздік алым маркалары тиісті түрде оралған және жиынтықты өткізілді/қабылданды.

Өткіздім:

Қабылдадым:

(қолы, аты-жөні)

(қолы, аты-жөні)

М.О.

М.О.

Алкоголь өнімдеріне (сырадан басқа),
темекі өнімдеріне және құрамында
темекі бар өзге де бұйымдарға арналған
акциздік алым маркаларын алу, есепке
алу, сақтау және беру Ережесіне
5-қосымша

**Акциздік алым маркаларын жою
акті**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының " Алкоголь өнімдеріне (сырадан басқа), темекі өнімдеріне және құрамында темекі бар өзге де бұйымдарға арналған акциздік алым маркаларын алу, есепке алу, сақтау және беру Ережесі" 2002 жылғы ____ N ____ бұйрығына сәйкес біздер,
м ы н а к ұ р а м д а ғ ы

к о м и с с и я :

мөлшері _____ дана
болатын акциздік таңбаларды өртеу жолымен есептен шығаруды әрі жоюды
ж ү р г і з д і к .

о н ы ң і ш і н д е :

дана
(марканың түрі, мөлшері)

N _____

Т ө р а ғ а

1) _____

(аты-жөні, лауазымы)

(қолы)

К о м и с с и я

м ү ш е л е р і :

2) _____

(аты-жөні, лауазымы)

(қолы)

3) _____

(аты-жөні, лауазымы)

(қолы)

4) _____

(аты-жөні, лауазымы)

(қолы)

5)

(аты-жөні, лауазымы)

(қолы)

Алкоголь өнімдеріне (сырадан басқа),
темекі өнімдеріне және құрамында
темекі бар өзге де бұйымдарға арналған
акциздік алым маркаларын алу, есепке
алу, сақтау және беру Ережесіне
б-қосымша

Акциздік алым маркалары қозғалысын есепке алу журналы

Акциздік алым маркалары алынған күн	Акциздік алым маркасының түрі, ыдыс	Банкноттық фабрикадан акциздік алым маркаларының алынған саны	Жөнелтпе құжат нөмірі	Акциздік алым маркаларының берілген күні	Акциздік алым маркаларының алушының атауы
-------------------------------------	-------------------------------------	---	-----------------------	--	---

та б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

Акциздік алым маркаларын алушының С Т Н	Маркаларды алушының өкілінің аты-жөні	Маркаларды алушының өкілінің құжаттарының деректері
---	---------------------------------------	---